

Автокөлік жанармайының жоғарыоктанды компоненті ретінде риформатты қолданады немесе арендерді бөлуге бағыттайды.

Каталитикалық риформинг бензинінде 50-60% (масс.) арендер, шамамен 30% (масс.) алкандар 10-15% (масс.) циклалкандар және 2% (масс.) қанықпаған қосылыстар болады. Алкандар, негізінен, нормалдылардан изоқұрылымдарға жоғары қатынаста C_5 - C_6 фракциялармен келтірілген арендерден C_7 - C_9 басымдырақ. Каталитикалық риформинг бензинінің құрамында жоғары күйік түзетін арендердің болуына байланысты таза күйінде автокөліктің отыны ретінде қолдануға болмайды, сондықтан оны компаундауға ұшыратады.

Каталитикалық риформинг ароматты көмірсутектерді алудың негізгі көзі болғандықтан, риформинг қондырғылары соңғыларды айырудың және бөлудің қондырғыларымен (анық ректификациялау мұнаралармен азеотропты және экстракциялық айдалумен абсорбциялық қондырғылармен) біріктіріледі. Ароматты компонентті бөлу үшін фенолмен экстракциялық айдау және ароматты көмірсутектердің қоспасын бөлу үшін диэтиленгликольмен экстракциялау өнеркәсіпте кең қолданыс тапты. Риформаттан жеке арендерді: бензол, толуол, этилбензол, ксиллолдың барлық изомерлері, нафталин, псевдокумол және органикалық синтезде кең қолданылатын тағы да басқа ароматты қосылыстарды бөледі.

3.3. Отындардың жоғарыоктанды компоненттерін каталитикалық синтездеу

Октан сандары 93-98 (АИ-93 және АИ-96) жоғары сапалы бензинді алуға тікелей айдау крекинг және риформинг бензиндердің алкандарды алкилдеу және полимерлеу процесінде және алкендерді полимерлеу процесінде түзілетін тармақталған алкандармен компаундалады. Барлық осы процестер өнеркәсіпте катализаторлар көмегімен іске асырылады. Тауарлы бензиннің сапалығына және зиянсыздығына (тетраэтилқорғасынның мөлшерін шектеу) қатал шарттар қойылғанына байланысты тауарлы бензиннің компонентіне кіретін тармақталған құрылымды алкандарды каталитикалық синтездеудің маңызы артады.

3.3.1. C_4 - C_6 алкандарды изомерлеу

Изомерлеу реакциялары мұнай өңдеу өнеркәсібінде кеңінен қолданылады. Жоғарыда келтірілген материалдардан көрініп